

№7 «Қызылтан» саниаториялық
бөбекжай – балабақшасы КММ-і
менгерушісі



**Вариативтік компонент
«Ертегі сыр шертеді»**

«Құлыншақ» ортаңғы тобы

2024 – 2025 оқу жыл

Түсінік хат

Театр - бұл сиқырлы өмір, онда бала қуана біледі, ойнайды, ойнай отырып қоршаған ортаны таниды. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуын, ой-өрісін, ақыл-парасатын, адамгершілігін, эстетикалық сезімдерін жетілдіруін қамтамасыз етеді.

Болашақ жеткіншектеріміздің көзі ашық көкірегі ояу, тілге шешен, өзін де өзгені де сыйлай білетін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сахналық қойылымға айналдырып, өздерін кейіпкер ретінде қатынастырып отырудың маңызы орасан зор.

Әрбір ата-ана, тәрбиеші, қысқа ертегі- әңгімелерді, өлеңдерді рөлдерге бөліп сахна көрінісін жасап балабақшада қойылым жасауға да мән бергені жөн.

Бағдарламаның мазмұны:

«Сиқырлы театр» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балаларға арналып, ойын әдістері арқылы бала тілін дамытып, іс-қимыл әрекеттерін жетілдіріп, теориялық және практикалық жағы ескеріліп отырып құрылған. Балалардың өзара қарым-қатынасын табуға, достыққа, қамқорлыққа тәрбиелеуге, фантазиялық ойлау қабілеттерін, өнерге қызығушылығын, ертегі кейіпкерлерінің қимылын салуға, нақышын келтіріп сөйлеуін, театр ойындарына белсенді араласып ойнауын дамытуға бағытталған. Барлық бөлімдер бір-бірімен тығыз байланысты, бірте-бірте күрделеніп сахналай білу машықтарын дамытуға арналған.

Бағдарламаның мақсаты:

Балалардың көркем-өнер шеберліктерін жан-жақты дамыту, әртістік қабілеттерін қалыптастыру. Баланың жанына жақын тақырыптар мен таныс ертегі кейіпкерлері бейнесін сомдайтын ертегілер көрсетуге қатынастыру. Ертегі кейіпкерлерін салыстыра отырып айнала қарым-қатынас туралы пікірлерін білдіруге, ойын ашық жеткізіге үйрету. Үлкендер мен басқа балалармен жақындасу ниетін қолдау. Құрдастарына ешқандай қиянат жасамай, бір-біріне көмек бере білуге тәрбиелеу.

Бағдарламаның тапсырмаларын орындауда балалардың сөздік қоры молайып, көркем-өнер әрекетімен әртістік өнері қалыптасады. Театрлық ойындар балаларды бір-бірімен жақындастырады, жалпы әртістік дамуына әсер етеді. Балаларға қуыршақтарды өз қолдарымен жасап олардың қызығушылықтарын арттырып, театр деген ғажайып әлемімен таныстырады. Рөлдерді орындауда икемді болуға баулу, ойынды ортақ мүддеге сай дамыта білу және өзінің жеке тілектестігін көрсету. Сахналанған және мерекелік-шеру, атрибуттарды қолдануға үйретуге, ойындарды ұйымдастыруға ықпалы зор.

Бағдарламаның міндеті:

- балаларды театр өнерінің қызықты сәттерімен таныстыру;

- өзара еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыру;
- көңіл-күй сезімімен, ұжымдық қатынасқа тәрбиелеу;
- ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен театр көріністерін ұштастыру.

Күтілетін нәтиже:

Бала бойында мейірімділік, адамгершілік, қайырылымдық басқа да игі қасиеттер қалыптасады. Ертегі, әңгімелер, өлеңдер тындап, кейіпкерлерге мінездеме беруді үйренеді. Бірлесіп ойнау арқылы жолдастық қарым-қатынас орнайды. Бала бойында өзіне деген сенім орнап, өнерге деген оң көзқарас қалыптасады.

«Сықырлы театр» бағдарламасы ІІ кіші, ортаңғы және ересектер топтарына арналған, 36 сағатқа есептелініп құрастырылды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті әр топта аптасына бір рет өткізіледі, ұзақтығы ІІ кіші топта 15-20 минут, ортаңғы топта 20-25 минут және ересектер топтарыда 25-30 минут. Бағдарламаның жалпы мазмұны әр топқа арналған тақырыптық жұмыс жоспары мен қолданылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Вариативтік компонент
«Ертегі сыр шертеді»
«Құлыншақ» ортаңғы тобы

№	Тақырыбы	Бағдарламаның мазмұны	Сағат саны
1	Театр бұрышымен таныстыру.	Театр-туралы балаларға алғашқы түсінік беру және театр түрлерімен таныстыру. Театр қуыршақтары туралы балалардың түсініктерін тереңдету.	1 6.09
2	«Бауырсақ» ертегісін түсіндіру.	Ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен таныстыру. Суретті көрсете отырып, ертегінің мазмұнын айту. Балалардың ынтасына қарай рольдерге бөліп ойнату.	1 12.09
3	«Бауырсақ» ертегісін сахналау	Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, образға сніп диалог түрінде сөйлеу дағдысын үйрету.	1 19
4	«Менің сүйікті кейіпкерім» кітап бұрышы	Ертегі кітаптарындағы кейіпкерлермен таныстырып, балалардың сүйікті кейіпкерлерін білу, сөйлеу дағдысын қалыптастыру.	1 26
5	Ойыншық театры «Екі әтеш»	Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағын, көңіл күйін, іс-қимылын ойыншық арқылы көрсете білу.	1 4.10
6	«Мақтаншақ алма» ертегісі	Ертегінің мәтінімен таныстырып, мазмұның айтып беру.	1 10.10
7	«Бұл қай ертегі?» дидактикалық ойын	Балаларға әр түрлі ертегілерді сурет арқылы көрсету, ойлау қабілетін арттыру.	1 17.10
8	«Түлкі мен торғай» ертегісі	Ертегінің мазмұнының сурет арқылы айтып беру..	1 24.10
9	Үстел үсті сурет театры «Түлкі мен торғай»	Мәтін бойынша қимыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін көрсете білуге, үстел үсті сурет театрының техникасын үйрету.	1 30.10
10	«Үш аю» ертегісі	Ертегімен таныстырып, сурет арқылы мазмұның айтып беру.	1 7.11
11	«Ертегінің жалғасын тап» дидактикалық ойын	Берілген суреттер арқылы балалардың ойлау қабілетін арттыру. Сөйлеу дағдысын қалыптастыру.	1 14.11
12	«Шұбар тауық» ертегісі	Ертегімен таныстырып, мазмұның іс-қимыл арқылы айта білуге үйрету.	1 21.11
13	«Ертегіні жинайық» дидактикалық ойын	Бөліктен бір ертегі құрастыруға үйрету. Балалардың ойлау қабілетін арттыру.	1 28.11
14	«Үйшік» ертегісі	Ертегіні оқып беріп, мазмұның түсіндіру.	1 5.12
15	«Үйшік» ертегі-	Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып,	1 12.12

	ойын	образға еніп, диалог түрінде сөйлеуге үйрету.	
16	«Мысық пен тышқан» ертегісі	Сурет арқылы ертегінің мазмұнын айтып беру.	1 19.12
17	Фланелеграф театры «Мысық пен тышқан»	Кейіпкерлердің образына еніп, театр өнерінің әдіс-тәсілдерін үйрету.	1 26.12
18	«Маша мен аю» ертегісі	Ертегінің мәтінін оқып беріп, мазмұнын айтуға дағдыландыру.	1 9.01
19	Қуыршақ театры «Маша мен аю»	Қуыршақтарды басқару қабілеттерін көрсету, қуыршақты ширмада жүргізу әдісін үйрету.	1 16.01
20	«Түлкі мен қасқыр» ертегісі	Балаларды ертегінің мәтінімен таныстыру, мазмұнын айтып беруге үйрету.	1 23.01
21	Үстел үсті сурет театры «Түлкі мен қасқыр»	Мәтін бойынша қимыл қозғалыс арқылы кейіпкерлердің көңіл-күйлерін көрсете білуге, үстел үстінде қуыршақты жүргізе білу техникасын үйрету.	1 30.01
22	«Мысық, әтеш және түлкі» ертегісі	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру.	1 06.02
23	Саусақ театры «Мысық, әтеш және түлкі»	Кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіре отырып, саусақ қимылы арқылы театрды көрсете білуге үйрету.	1 13.02
24	«Қолғап» ертегісі	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру. Балаларды жоспарлы түрде рольдерге бөліну бойынша әрекет жасауға үйрету.	1 20.02
25	«Қолғап» ертегісін сахналау	Рөлдерге бөлініп кейіпкерлердің образына еніп, диалогты сөйлеуге дағдыландыру.	1 27.02
26	«Саңырауқұлақ астында» ертегісі	Ертегіні дауыс ырғағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру. Диалог түрінде сөйлеу дағдысын қалыптастыру.	1 06.03
27	Фланелеграф театры «Саңырауқұлақ астында»	Балаларға фланелеграф театры арқылы ертегіні өз бетінше көрсете білуге үйрету.	1 13.03
28	«Мақтаншақ қоян» ертегісі	Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегідегі оқиға желісімен бұзбай эмоциялық сезіммен қабылдауға дағдыландыру.	1 20.03
29	Ойыншық театры «Мақтаншақ қоян»	Ертегі кейіпкерлерінің дауыс ырғағын, көңіл күйін, іс-қимылын сөздік образын ойыншық арқылы көрсете білу.	1 27.03
30	«Мысық неге тамақ ішкен соң жуынады» ертегісі	Ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету. Балалардың назарын ертегі кейіпкерлеріне аудару.	1 03.04
31	Қуыршақ театры «Мысық неге	Қуыршақты жүргізу жеке жұмыстар ұйымдастыру мәтін мен қимылдардың сәйкестігін келтіру.	1 10.04

	тамақ ішкен соң жуынады»		
32	«Мақтақыз бен мысық» ертегісі	Ертегіні дауыс ыргағын келтіре отырып балаларға мазмұндап беру, зейін қойып тындап, рөлдерге бөліп айтқызу.	1 13.04
33	«Мақтақыз бен мысық» ертегісін сахналау	Кейіпкердің іс-әрекетін сезініп, қимыл-қозғалыс арқылы бейнелеп ойнай білуге үйрету.	1 24.04
34	В. Сутеевтің "Бір қап алма" ертегісі Понтомимо театры	Ертегілер арқылы балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту. Сюжеттік бірізділікті сақтай отырып, көңіл-күймен, қисынды мазмұндауды үйретуді жалғастыру. Балаларды театралды-ойын әрекетіне тұрақты қызығушығын, басқа балалар алдында қойылым көрсету ынтасын тәрбиелеу. Бала ыммен мәтінде суреттелген түрлі эмоциялы күйлерді бейнелей білуге үйрету.	1 15.05
35	«Құйыршық» ертегісі	Ертегіні мұқият тындап , сурет арқылы мазмұның айтуға дағдыландыру.	1 22.05
36	Ертегі сыр шертеді (қорытынды)	Балалардың жыл бойы алған білімдерін бекіту.	1 29.05
	Барлығы:		36